

**2025–2026 оқу жылының I тоқсаны бойынша
әлеуметтік педагогтың есебі**

Оқушылар контингентінің жалпы сипаттамасы

Тоқсан барысында әлеуметтік педагог мектеп оқушылары туралы әлеуметтік деректерді жинап, талдау жүргізді. Мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

Мектепте барлығы **142 оқушы**, олардың ішінде:

толық емес отбасында тұратындар – **15 оқушы**;

көпбалалы отбасынан шыққан – **24 оқушы**;

аз қамтылған отбасынан шыққан – **21 оқушы**;

мүмкіндігі шектеулі балалар – **16 оқушы**;

ПБ (ПД) есебінде тұрған – **1 оқушы**;

мектепішілік бақылауда тұрған – **11 оқушы**.

Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру

Әлеуметтік педагог мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру барысына тұрақты бақылау жүргізді. Сынып жетекшілерімен және ата-аналармен «Бизнес-әмиян», «Ваучер» жүйелерін енгізу және **тегін ыстық тамақ алуға құжат тапсыру тәртібі** туралы әңгімелер өткізілді.

Тоқсан ішінде **58 оқушы** бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылды, оның ішінде:

55 оқушы – 1–4 сыныптар;

5 оқушы – «ВСЕОБУЧ» бағдарламасы бойынша.

Асханадағы тамақтың сапасын тексеру үшін **мониторингтік комиссия** құрылып, ай сайын тексеру жүргізіледі. Әлеуметтік педагог пен медбике күн сайын асхананың санитарлық жағдайын және тағам сапасын тексереді.

Ас мәзірі төрт апталық айналымдық жоспарға сай жасалып, күн сайын тағамның дәмін тату және фотобекіту жүргізіледі.

Тамақтануға қатысты шағымдар мен ескертулер түскен жоқ.

Оқушы отбасыларымен жұмыс

Әлеуметтік педагог пен ПБ кәмелетке толмағандар инспекторы ай сайын аз қамтылған және өгей әкемен бірге тұратын балалардың отбасыларына **тұрмыстық жағдайды тексеру** жұмыстарын жүргізді.

Тексеру нәтижесінде кейбір отбасыларға **антисанитариялық жағдай** бойынша ескертулер беріліп, ата-аналарға тиісті **ұсыныстар жасалды**.

Профилактикалық және тәрбие жұмыстары

Әлеуметтік педагог РОВД және мектепішілік бақылауда тұрған оқушылармен жұмыс жоспарын жасады және іске асырды.

Оқушылармен келесі тақырыптарда әңгімелер өткізілді:

«Құқықбұзушылықтың алдын алу»;

«Оқушының күн тәртібі»;

«Түнгі уақытта үйде болу тәртібі».

Бастауыш сынып оқушылары үшін үзіліс кезінде «**Отбасы – үлкен құндылық**» атты бейнефильм көрсетілді.



Мектептегі әкелермен «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында кездесу өткізілді.

Психологпен бірлесе отырып, 5–6 сынып оқушылары арасында «Бұл әлем қандай ғажап» атты тренинг ұйымдастырылды.

6 «А» сыныбында «Адалдық – әр адамның парызы» атты тәрбие сағаты өткізілді.



Біз жемқорлыққа қарсымыз тақырыбында суреттер көрмесі ұйымдастырылды бұл жерде оқушылар белгіленген тақырыпта суреттер салып салған суреттерінің маңыздылығын айтып түсіндірді



Біз салауатты өмір салтын ұстанамыз тақырыбында сурет көрмесі



Қорытынды

Тоқсан ішінде әлеуметтік педагогтың жұмысы төмендегідей бағыттарда жүргізілді:

оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау және есепке алу;

мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жасау;

құқықбұзушылықтың алдын алу;

отбасы мен мектеп арасындағы байланыс орнату;

оқушыларда адамгершілік және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс мектептің жылдық жоспарына сәйкес жүргізілді, нәтижелері **қанағаттанарлық** деп бағаланады.